

2. Алауханов Е.О. Проявления коррупции в экономике Казахстана. / Научные труды академии финансовой полиции. Выпуск 3. - Астана, Фолиант, 2002.
3. Лунеев В. В. Криминология: учебник для академического бакалавриата / В. В. Лунеев. — Москва: Издательство Юрайт, 2019. — 686 с.
4. Мельник Н.И. Коррупция и политика // Преступность и власть: Материалы конференции. – М.,2000. – С.20.
5. Богущ Г. И. Понятие коррупции в международном праве и российском законодательстве // Вестн. Моск. Ун-та. Серия «Право». - 2011. - № 2.- С.15.
6. Криминология / под ред. Дж.Ф.Шели. пер.сангл. - СПб:ил.-Серия «Мировая Юриспруденция». 2003. – 864 с.
7. Еремина О.С. Коррупция: источники, причины, социально-негативные последствия // Режим доступа: https://pglu.ru/upload/iblock/674/pages-from-chast-9_18

ҚҰҚЫҚТЫҚ НИГИЛИЗМ ЖӘНЕ ОНЫМЕН КҮРЕСУ ЖОЛДАРЫ

*Ғалы Ж.О., з.ғ.м., аға оқытушы, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ заң факультеті
Мақышева Ф.Қ., Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ заң факультетінің 1-курс студенті*

Құбылыс ретінде нигилизмді көптеген әлеуметтік ғылымдар зерттейді. Бүгінгі таңда нигилизмді жалпы және құқықтық түрін түсінудің бірыңғай тәсілдері жоқ. Нигилизм түсінігі бұрыннан белгілі. Әр түрлі сөздіктер мен энциклопедияларда нигилизм біркелкі анықталмайды. Жалпы "нигилизм" (латын тілінен аударғанда nihil - ештеңе емес) субъектінің (топтың, таптардың) белгілі бір құндылықтарға, нормаларға, көзқарастарға, кейде адам өмірінің барлық аспектілеріне теріс қатынасын білдіреді

Құқықтық нигилизм – «Мемлекет және құқық теориясы» ғылымының ғана емес, жалпы өркениетті адамзаттың ең өзекті мәселелерінің бірі. Әр уақытта адамдар құқыққа әртүрлі көзқараста болды, бірақ заңдарға бағынбағандар немесе оларды жоққа шығарғандар әрқашан болды. Басқаша айтқанда, құқықтық нигилизм болды, бар және қалатындығы ықтимал.

Құқықтық нигилизм – қоғамда қабылданған, мойындалған құқықтық құндылықтарды, қағидалар мен заңнаманың мүмкіндіктерін жоққа шығару, сенімсіздік таныту арқылы биліктің заңсыздығы мен бассыздығына көз жұмып қараус [1, 153].

Құқықтық нигилизм бұрыннан посткеңестік кеңістіктің ажырамас қасиеті ретінде танылған. Кеңестік құқықтық ғылым теріс және тіпті зиянды құбылыс болып табылатын құқықтық нигилизмді тек буржуазиялық құқықтық жүйелерге ғана тән екенін, ал кеңестік құқық мүлдем ол нигилизммен таныс емес екенін жиі атап өтетін. Бірақ, кеңес заңы бойынша нигилизм жүйелердегі құқыққа деген әр түрлі көзқарасқа байланысты шетелдік құқықтануда болған дәрежеде сипатталмады. Буржуазиялық мемлекеттерде заң "негіздердің негізі" ретінде қарастырылса да, оны нығайту және жетілдіру басты міндет болды, қоғам қызметі мен қоғамдық ойдың негізгі мақсаттарының бірі дамыған азаматтық қоғам мен жеке адамның игілігі үшін жұмыс істейтін мінсіз құқықтық мемлекет құру болды. Оның негізгі құралы мінсіз заңдар мен тиімді құқықтық нормалар болды. Сондықтан, қазіргі уақытта батыс елдерінде құқықтық нигилизм мәселесі мүлдем жоқ, немесе ол соншалықты кішкентай және мардымсыз, сондықтан оған мұқият назар аударудың қажеті де жоқ. Бұл елдердің халқы заңдарды сақтайды, әдеттегідей, "қорқыныш үшін емес, ар-ождан үшін", яғни адамдар заң ережелерін ұстанады, оларды орындамау әр түрлі жауапкершілікті туындатқаны үшін емес, себебі "заң соны талап етеді", өйткені "қажет" (dura lex, sed lex). Әрине, қарапайым азаматтарға олардың үкіметі заңға бағынатын мінез-құлықтың үлгісін көрсетеді және адамдар қандайда бір жағдайда не істеу керектігі туралы шешім шығарған кезде сол жоғары шенеуніктерге, олардың өмір салты мен мінез-құлқына қарайды. Осы тұрғыда көшбасшылық Германияға тиесілі - бұл

орталық еуропалық елде қарапайым адамдар "заң әріпін" қатаң ұстанып қана қоймайды, сонымен бірге билеушілер үшін де "заң әрпі" міндетті болып табылады [2, 142].

Өкінішке орай, бізде азаматтардың құқықтық тәртібі мен құқықтық санасы бойынша атқаратын жұмыс көп. Біздің мемлекетіміз "социализм жолымен" жүріп өткен және біздің халқымыз "коммунизмнің жарқын болашағын" қарқынды түрде құрған жылдар бүкіл отандық заң ғылымына өшпес із қалдырды және Қазақстан мен Еуропадағы құқықтық сана деңгейлерін бөлетін тұңғықты одан әрі тереңдетті. Отандық заңға оңайшылықпен түзетілмейтін зиян келтірілді. Себебі, ұзақ уақыт бойы заң уақытша құбылыс, қараңғы өткеннің жәдігері болып саналды, оны Ленин жазған "революциялық құқықтық сана" алмастыруы керек еді. Сондықтан, көптеген большевиктердің заңдар мен басқа да құқықтық нормаларға қасиетті және орындалуы міндетті нәрсе ретінде емес, шимайлары бар қағаз ретінде қарағандығы және белгілі бір нормативтік актіде жазылғандай емес, олардың «пролетарлық ар-ожданы» және «коммунистік сезгіштігі» оларға айтқанындай әрекет еткендігі таңқалдырмайды [3, 5]. Тіпті «революциялық мақсаттылық» деген ұғым енгізілген болатын, ол бойынша егер «заң әрпі» бір нәрсені айтса, ал «революциялық мақсаттылық» пролетарлық құқықтық санамен бірге басқасын айтса, онда заң талаптарына көз жұма отырып, соңғы екеуіне сәйкес әрекет ету қажет болды. Құқықтық нигилизмнің дамуы мен өсуі үшін бұл ең қолайлы жағдай болып табыладығы айтпаса да түсінікті - бүкіл ел бойынша кең жайылған «революциялық мақсаттылық» көбінесе кәдімгі шектен шығушылық пен заңсыздыққа айналды.

Бәрі КСРО үшін өте өкінішті аяқталды - заңдағы олқылықтарды пайдаланып, көптеген адамдар заңсыз көп қаражат тапты, ал 15 одақтас республика құқығын заңды конституциялық негізде пайдаланып, КСРО мемлекеті жойылды. Біздің әрі қарайғы тарихымыз дамудың сол кезеңде әлсіреген құқықтық тәртіп пен заңдылық мүлде нашар күйге келтірілгенін, ал құқықтық нигилизм бұрын-соңды болмаған мөлшерге дейін өскенін көрсетті.

Құқықтық нигилизмнің себептері қоғамда үнемі кездеседі және оның дамуының әр кезеңінде өзіндік белгілерге ие болады. Құқықтық нигилизмнің көптеген себептері бар. ОЛ, айтар болсақ, құқықтық нормалардың және мемлекеттік органдардың құқық қолдану қызметінің жетілмегендігі нәтижесінде туындайды. Бұл белгілі бір субъект үшін құқықтық норма өзіне жүктелген тапсырманы орындамайды дегенді білдіреді. Құқықтық нигилизм жеке азаматтардың, топтардың, адамдар қауымдастықтарының санасы мен дүниетанымына енеді. Сондықтан ол келтірген әлеуметтік зиян жан-жақты сипатқа ие, заңдылықтың барлық бұзылуының катализаторы болып табылады [4, 20].

Одан басқа, құқықтық нигилизм нәтижесінде құқық қорғау органдарының және азаматтардың өздерінің санасы мен тәжірибесінде теріс көзқарастар кешені қалыптасады (виктимизация механизмі, құқық бұзушылықтың кейбір түрлеріне немқұрайлылық немесе тіпті моральдық ақтау).

Құқықтық нигилизмнің зерттеушілері құқықтық нигилизмнің келесі себептерін атап көрсетеді:

біріншіден, жекелеген халықтар мен тұтастай қоғамның тарихи даму ерекшеліктері. Мәселен, Қазақстанда құқықтық нигилизмнің пайда болуы мен дамуы Ресей империясының құрамында болуымен, оның ықпалымен түсіндіріледі. Көптеген адамдарды құқықтық субъектіліктен айырған Ресей «самодержавиелік» басқаруының, көпғасырлық басыбайлылықтың, ресейлік сот төрелігінің жетілмегендігінің салдарынан түсіндіріледі. XIX ғасырдың 60-жылдарындағы реформалардан кейін конституцияның, қоғамдық-саяси өмірді демократияландырудың, құқықтық қағидаларды енгізудің проблемалары «құқықтық жұртшылықпен» белсенді талқыланғанымен, олар құқықтық нигилизмді түбегейлі жеңуге әкелмеді;

екіншіден, біздің еліміздегі кеңестік құрылыстың марксистік-лениндік теориясы мен практикасы, атап айтқанда, ешқандай заңдармен байланысты емес және шектелмеген билік ретіндегі пролетариат диктатурасы туралы тезис; мемлекеттің жойылуымен бірге

құқықтың жойылуы туралы ереже, сондай-ақ заңдылық қағидасына, заңның беделіне және т. б. айтарлықтай зиян келтіретін кең көлемді репрессиялық науқандар;

үшіншіден, кеңес мемлекетінің бүкіл тарихында елді басқаруда негізінен қолданылаған, қоғам өмірін реттеудің құқықтық құралдарын жоққа шығаратын әкімшілік-командалық әдістер;

төртіншіден, заңдардың декларативті ережелері мен шындықтың арасындағы алшақтық, құқықтық демагогия, яғни халықты саяси және құқықтық пайдакүнемдік мақсаттарға жету үшін қасақана алдау;

бесіншіден, «қайта құру» және қоғамды реформалау кезеңіндегі әртүрлі құқық бұзушылықтарға, қылмыстылықтың өсуіне, жазасыздыққа, бақыланбайтын жағдайға және нәтижесінде заңға, құқыққа, саяси және құқықтық институттарға деген сенімнің жоғалуына мүмкіндік берген дағдарыс жағдайы;

алтыншыдан, құқықтық сананың деформациясы және жекелеген лауазымды тұлғалардың ғана емес, бүкіл халықтың және жалпы қоғамның құқықтық мәдениетінің төмен деңгейі [5, 9].

Кейбір зерттеушілер құқықтық нигилизмнің себебі мемлекеттік аппараттың және бүкіл басқару жүйесінің жетілмегендігі деп атайды. Г.А. Ожегованың пікірінше, бюрократизм (латын тілінен аударылған бюрократия - кеңсе билігі) нигилизмнің негізінде жатыр. Мұндағы басты себеп басқарушылардың шатын шектен тыс ұлғайтуында жатыр - бір адам орындай алатын жұмысқа үш адамды тартады. Шенеуніктердің мұндай армадасы азаматтардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруы үшін оларды жеңу қиын, көптеген кедергілерді тудырады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, құқықтық нигилизмнің пайда болу себептері болып жеке және әлеуметтік құқықтық сананың деформациясы табылады деген қортынды жасауға болады. Бұл механизмдердің тікелей және кері байланысы бар екенін ерекше атап өткен жөн. Шынында да, егер адам ара тұра ұрлыққа деген жалпы немқұрайлылықты, азаматтардың мүліктік мүдделерін қорғау саласындағы мемлекеттің ресми өкілдерінің әрекетсіздігін, кінәні көбінесе жәбірленушінің өзіне тағуды көріа тұратын болса, онда бұндай жағдайдың салдары - адамның құқықтық санасының біртіндеп өзгеруі, мемлекет пен оның органдарының көмегіне деген сенімнің жоғалуы болады. Бұл жағдай жаппай масштабта болған кезде, нәтижесі қоғамдық сананың деформациясы және тіпті қоғамның криминализациясы болады, тіпті заңға бағынатын азаматтар қылмыс жасамасада, басқа адамдардың қылмыс жасауына немқұрайлы қарайды [6, 20].

Құқықтық нигилизмнің әсерінен жаңа бейәлеуметтік құндылықтардың қалыптасуы жүреді. Нәтижесінде халық пен мемлекет арасындағы өзара әрекет, іс-қимыл жоғалады, бір-бірінің алдындағы, қоғамның алдындағы жауапкершілік төмендейді

Құқықтық нигилизмнің алдын алу жолдарын қарастырмастан бұрын, қазіргі кезеңдегі құқықтық нигилизмнің кейбір ерекшеліктерін атап өту қажет.

Біріншіден, ол жаппай таралуымен сипатталады. Құқықтық нигилизм тек азаматтар арасында ғана емес, сонымен қатар ресми ортада: мемлекеттік құрылымдарда, құқық қорғау органдарында да кең таралған.

Екіншіден, ол айқын демонстрациялы, агрессивті және бақыланбайтын сипатқа ие.

Үшіншіден, құқықтық нигилизм әртүрлі нысандарда көрініс табады. Ол қылмыстық және легитимді болуы мүмкін, ол қоғамның «жоғарғы жағында» да, «төменгі жағында» да, кәсіби салаларда да, тұрмыстық деңгейде де көрінеді.

Қоғамдағы құқықтық нигилизмді жеңу жолдары келесідей.

Біріншіден, бұл азаматтардың да, лауазымды тұлғалардың да құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру. БАҚ көмегімен халыққа құқықтық білім беруді жүргізу. Адамдарда тек қылмыстық құқық саласында (қылмыстық статистика) ғана емес, азаматтық, мемлекеттік құқық саласында да толық ақпарат болуы тиіс. Қоғам елде қандай заңдар қабылданып жатқанын және қандай қоғамдық қатынастар құқықтық реттелгенін білуі керек.

Екіншіден, қоғамдық қатынастарға қатысушылардың өз құқықтары мен бостандықтарын іске асыруыға мүмкіндік беретін экономикалық, идеологиялық және өзге де жағдайлар жасау қажет. Өз құқықтарына қысым жасалған азаматтың құқық қорғау органдарында құқықтарын кедергісіз қорғауға мүмкіндігі болуы тиіс. Мысалы азаматтар көбінесе, оған деген сенімсіз болғандықтан, сотқа жүгінуге қорқады, себебі оның ісі қаралмайды деп ойлайды, ал егер қаралса, қарау мерзімі бұзылады деп ойлайды. Сондай-ақ, сотта құқықтық қызмет көрсетуді кейбір адамдардың қалтасы көтермейді.

Үшіншіден, мемлекет қылмыстылықты нақты бақылауда ұстап және мүмкіндігінше оны жоюға тиіс. Қылмысқа бақылау жасаудан басқа құқық бұзушылықтарға, ең алдымен әкімшілік құқық бұзушылықтарға қарсы белсенді күрес жүргізу керек.

Төртіншіден, заңдардың «инфляциясын» жою. Заң шығарушы заңдарды ақылға қонымды және тек қоғамға қажет заңдарды қабылдауы керек. Заңдар көп болмауы керек, олар қайталанбауы және бір-бірін қайталамауы тиіс.

Нигилизм қазіргі өмірде терең сіңгені соншалық, адамдардың ақыл-ойларын жаулап алғаны соншалық, тіпті оны жақын арада оның көлемін айтарлықтай азайту мүмкін емес. Алайда, бірнеше бағытта батыл әрекет ете отырып, оның позициясын әлсіретуге тырысуға болады.

Мемлекет ауқымында заңдар мен өзге де нормативтік актілер Конституцияға және бір-біріне сәйкес келтірілуі тиіс. Құқық қорғау органдарының қызметінде «бірде-бір жаққа асыра сілтеусіз» құқық үстемдігін қамтамасыз ету қажет. Басқарудың және билік жүргізудің волютаристік стилін, директивалық әдістерді, құқықтан аттап өтуді тоқтату қажет, тек заң мен оның негізінде шешім қабылдауды қамтамасыз ету қажет. Ең алдымен, құқықтық рәсімдерге сүйене отырып, құқықтық нормаларды іске асыру тетіктерін жетілдіру маңызды. БАҚ пайдалана отырып, жалпыға бірдей заңға бағынушылықты насихаттай отырып, құқыққа қарсы мінез-құлықтық ұстанымдарға белсенді шабуыл жасау қажет.

Қоғамдағы құқықтық нигилизмді жою үшін кешенді құқықтық база қажет. Қоғамдағы құқықтық нигилизмнің элементтерін жеңу жолындағы бағыттардың бірі және әлеуметтік құқықтық сананың жоғары деңгейін қалыптастыру жолы мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың қызметін біріктіруден көрінеді.

Мемлекет үшін халықтың құқықтық білімінің төмен деңгейінің салдарынан болатын шығындарды (моральдық, материалдық, адамгершілік және құқықтық) көтеруден гөрі, қоғамдық құқықтық сананы қалыптастыруға лайықты назар аудару экономикалық тұрғыдан тиімдірек болар еді.

Барлық көрсетілген әрекеттерді кешенді жүзеге асырған кезде ғана, құқықтық нигилизм деп аталатын, құқық үшін қауіпті, аурудан біздің қоғамды босатып, содан кейін толықтай айықтыруға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Өзбекұлы С. Мемлекет және құқық теориясы : оқулық - Алматы : Жеті жарғы, 2006. - 259 б.
2. Алексеев С.С. Право на пороге нового тысячелетия: Некоторые тенденции мирового правового развития - надежда и драма соврем. эпохи / С. С. Алексеев. - М. : Статут, 2000 . - С. 252.
3. Кудрявцев В.Н. О правопонимании и законности / В.Н. Кудрявцев // Государство и право. 1994. - №3. - С. 3-9.
4. Демидов А.И. Политический радикализм как источник правового нигилизма // Государство и право 1992. № 4. С. 17-24.
5. Жилин Г. Соотношение права и закона / Г. Жилин // Российская юстиция. - 2000. - № 4. - С. 4-9.

6. Гулина О.Р. Исторические корни и особенности правового нигилизма в современной России : автореф. дис. ... канд. юрид. наук / О.Р. Гулина. - Уфа. : РИО БашГУ, 2002. - 326 с.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢДАҒЫ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СҰРАҚТАРЫ

Ислямова А.А.,

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті заң факультетінің магистранты

Әскери қызметкерлерді құқықтық тәрбиелеудің түпкі мақсаты – саналы әскери тәртіпті және құқықтық білім көлеміндегі өмір салтын қалыптастырып күнделікті әрекеті үшін қажетті әскери дайындығын нығайту, бір-бірімен және басқа адамдармен құқықты рұқсат етілген қатынастың әдетін дамыта отырып тұрақты әскери саясатты қалыптастыру болып табылады.

Әскерде құқықтық тәрбиелеу Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және штаб басшыларының, комитет төрағасының бұйрығы және нұсқауы негізінде жүзеге асырылады.

Әскери қызметкерлерді құқықтық тәрбиелеу – құқық бұзушылықты ескертудің маңызды шарты болып табылады.

Әскери қызметкерлерді құқықтық тәрбиелеуде олардың әскери қызметкерлер арасында құқықтық рұқсат етілген жүріс тұрысты қалыптастыру мақсатында әсер ету процесі түсіндіріледі.

Құқықтық тәрбиелеу әскери ұйымдарда, құрамаларда өткізілетін тәрбиелік жұмыстың бірыңғай жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Сондай-ақ, әскери, өнегелік, моральды-психологиялық және басқа тәрбиенің түрлерімен органикалық өзара байланыста болады.

Құқықтық тәрбиелеу құқықбұзушылықты алдын алу және ескерту міндетін шешкенімен, бірақта толығымен құқықбұзушылық мәселесін шеше алмайды. Ол тек құқықбұзушылықтағы емес, сонымен бірге барлық әскери қызметкерлерге бағытталған тәрбиелік жұмыстармен қатар әскери саясатты қалыптастырып және де өзінің мінез-құлқын заңдық әскери жарғылардың негізінде алып жүрумен қатар, басқа да заңдардағы талаптардың тұрақты ара қатынасының қажеттілігін түсіну, құқықтың әскери және қоғам өміріндегі ролін маңыздылығын ескере отырып, оларға құқықтық сананы қалыптастыру мақсатын ұстанады.

Құқықтық тәрбиелеуді әскери қызметкерлер арасында міндетті қатынасты қалыптастыруда, сондай-ақ әскери саясатты насихаттау барысында қолданады. Әскерилер арасында құқықтық білімге жеке құраманы заңдармен танысуы, меңгеруі және де қолданыстағы әскери заңдылықтарды жалпыға бірдей міндетті түрде оқумен қатар, құқықтық тәжірибеден өткізу жолымен жетеді.

Құқықтық дайындық әрбір категориядағы әскери қызметкерлердің өзінің қызметік міндетін атқару үшін қажетті заңдардан басқа да нормативтік актілерді меңгеруді білдіреді[1;39].

Бұл нормалар екі бөлімге бөлінеді: жалпы және арнайы.

Жалпы бөлімде әрбір әскери қызметкер өзіне қатысты бөлімді толық білу керек. Яғни, қолданыстағы әскери қызметті реттейтін заңдық актілерді меңгеруін айтамыз. Мұнда: бірінші кезекте Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің жалпы әскери жарғылары, Қазақстан Республикасы Қарулы күштер және қорғаныс туралы, «әскери қызметкерлердің және олардың жанұя мүшелерінің құқықтық жағдайы және әлеуметтік қорғалуы туралы», «жалпы әскери міндет және әскери қызмет туралы» заңдар, әскери қызметті өтеу тәртібі туралы, әскери